

# PHILIPS

## Құлаққаптар

### 4000 сериялары

TAT4507



# Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

# Мазмұны

---

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпараты	2

---

2	True wireless сымсыз құлаққаптары	3
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	True wireless сымсыз құлаққаптарын шолу	4

---

3	Бастау	5
	Батареяны зарядтау	5
	Тағу әдісі	6
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру	6
	Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру	7

---

4	Құлаққаптарды қолдану	8
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына жалғау	8
	Қуатты қосу/өшіру	8
	Қоңыраулар мен музыканы басқару	8
	Дауыстық көмекші	9
	Құлаққаптардың/зарядтау кейсінің LED индикаторының күйі	9

---

5	Құлаққаптарды бастапқы қалпына келтіру	10
---	--	----

---

6	Техникалық деректер	10
---	---------------------	----

---

7	Ескертпе	11
	Сәйкестік туралы декларация	11
	Ескі өнім мен батареяны қоқысқа тастау	11
	Кірістірілген батареяны шешу	11
	EMF сәйкестігі	12
	Қоршаған орта туралы ақпарат	12
	Сәйкестік туралы ескертпе	12

---

8	Тауар белгілері туралы	14
---	------------------------	----

---

9	Жиі қойылатын сұрақтар	15
---	------------------------	----

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Есту қауіпсіздігі



### ⚡ Қауіпті

- Есту қабілетіне зақым келтірмеу мақсатында құлаққаптың дыбысын жоғары деңгейде тыңдау уақытын шектеп, дыбысты қауіпсіз деңгейге қойыңыз. Дыбыс деңгейі жоғары болған сайын, қауіпсіз тыңдау уақыты да төмен.

Құлаққапты қолданған кезде, мына нұсқауларды орындаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделген сайын дыбыс деңгейін тоқтаусыз жоғарылатпаңыз.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Ықтималды қауіпті жағдайларда абайлап қолданыңыз немесе уақытша қолдануды тоқтатыңыз.
- Құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы кереңдікке алып келуі мүмкін.
- Көлік жүргізу кезінде құлаққапты екі құлаққа да тағып қолдану ұсынылмайды және бұл кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Қауіпсіздігіңіз үшін кептеліс кезінде музыка немесе телефон қоңыраулары, басқа да ықтималды қауіпті орталықтар сияқты алаңдатулардан аулақ болыңыз.

## Жалпы ақпараты

Зақымдануды немесе ақаулықты болдырмау үшін:



### Назар аударыңыз

- Құлаққапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды.
- Құлаққапты жерге құлатпаңыз.
- Құлаққапқа сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды. (Тиісті өнімнің IP көрсеткішін қараңыз)
- Құлаққапты суға салмаңыз.
- Коннектор немесе розетка су болғанда құлаққапты зарядтамаңыз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивтер бар тазалау құралдарын қолданбаңыз.
- Тазалау қажет болса, өнімді тазалау үшін жұмсақ матаны, қажет болса кішкене сумен ылғалдап немесе сабынмен сулатылған күйінде қолданыңыз.
- Кірістірілген батареяны күн сәулелері сияқты қатты қызудан, оттан немесе тағы басқасынан аулақ ұстау керек.
- Батарея дұрыс емес ауыстырылған жағдайда жарылу қаупі бар. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.
- Белгілі бір IP көрсеткішіне қол жеткізу үшін зарядтау ұясының қақпағы жабық болуы тиіс.
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке лақтыру, немесе механикалық түрде ұсақтау, немесе кесу жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Батареяны өте жоғарғы температуралы ортада қалдыру жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың, газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Өте төмен қысымға ұшыраған батарея жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың, газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы

- Ауа температурасы  $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $-4\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) және  $50\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $122\text{ }^{\circ}\text{F}$ ), ал салыстырмалы ылғалдылығы 90% болатын жерде сақтаңыз.
- Ауа температурасы  $0\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $32\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) және  $45\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $113\text{ }^{\circ}\text{F}$ ), ал салыстырмалы ылғалдылығы 90% болатын жерде пайдаланыңыз.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Батареяны дұрыс емес батарея түріне ауыстыру құлаққапты және батареяны қатты зақымдау қаупін тудырады (мысалы, кейбір литий батарея түрлері үшін).

## 2 True wireless СЫМСЫЗ Құлаққаптары

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Phillips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) сайтында тіркеңіз.

Осы шынымен сымсыз Philips құлаққаптарымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу



Қысқаша бастау нұсқаулығы




Халықаралық кепілдік



Қауіпсіздік парақшасы

### Қораптағы заттар



True wireless сымсыз Philips TAT4507 құлаққаптары



Ауыстырылатын резеңке құлақ қалпақшалары x 3 жұп






USB-C зарядтау кабелі (тек зарядтауға арналған)

### Басқа құрылғылар

Bluetooth-ға қолдау көрсететін және құлаққаппен үйлесімді ұялы телефон немесе құрылғы (яғни ноутбук, планшет, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқышы және тағы басқалары).

## True wireless сымсыз құлаққаптарын шолу



- ① LED индикаторы (құлаққаптар)
- ② Көп-функциялы сенсор
- ③ USB-C зарядтау ұясы
- ④ LED индикаторы (зарядтау кейсі)
- ⑤ LED индикаторы (BT жұптастыруы және қалпына келтіруі)
- ⑥ Bluetooth жұптастыру түймесі

# 3 Бастау


## Батареяны зарядтау

### Ескертпе

- Құлаққаптарыңызды қолданбастан бұрын, батареяның оптималды өндірімділігі және өмір сүруі үшін оларды зарядтау кейсіне салып 2 сағатқа дейін зарядтаңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмауы үшін тек түпнұсқалы USB-C зарядтау кабелін қолданыңыз.
- Зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз. Құлаққаптар зарядтау үшін жалғанған кезде, олар өшеді.

## Құлаққап

Құлаққаптарды алып, оқшаулап тұрған жапсырмаларды алып тастаңыз. Құлаққаптарды қайтадан зарядтау кейсіне салып, қақпағын жапсаңыз, құлаққаптар қайта зарядтала бастайды.




### Кеңес

- Әдетте (құлаққаптарды немесе зарядтау кейсін) USB кабелімен толық зарядтау 2 сағат алады.

## Зарядтау кейсі

USB-C кабелінің бір жағын зарядтау кейсіне қосып, екінші жағын ток көзіне жалғаңыз.



### Кеңес


- Зарядтау кейсі құлаққаптарды зарядтауға арналған портативті резервтік батарея ретінде қызмет етеді. Зарядтау кейсі толығымен зарядталғанда ол құлаққаптарды 3 рет толықтай зарядтай алады.

## Тағу әдісі

Оңтайлы тағу үшін үйлесімді саптамаларды таңдаңыз


Нық, мықтап тағылған жағдайда, ең жоғары дыбыс сапасын және шуды оқшаулауды қамтамасыз етеді.

- 1 Ең жақсы дыбыс сапасын және тағу ыңғайлылығын қамтамасыз ететін саптаманы табу үшін сынап көріңіз.
- 2 Құлаққа арналған силикон қақпақтардың 3 түрі ұсынылады: үлкен, орташа және кішкентай.




## Құлаққаптарды тығу

- 1 Құлаққаптардың сол немесе оң бағдарын тексеріңіз.
- 2 Құлаққаптарды құлағыңызға салып берік орналастырылғанша дейін сәл бұраңыз.



## Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру

- 1 Құлаққаптар толығымен зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 Зарядтау кейсінің қақпағын ашыңыз. Жұптастыру түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.



- ↳ Құлаққаптардағы LED индикаторында ақ және көк түс кезек-кезек жыпылықтайды.
  - ↳ Құлаққаптар жұптастыру режимінде және Bluetooth құрылғысымен жұптастырылуға дайын (мысалы, ұялы телефон)
- 3 Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясын қосыңыз.
  - 4 Құлаққаптарыңызды Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз. Bluetooth құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз.



### Ескертпе

- Егер қосылғаннан кейін, құлаққаптар соңғы жұптастырылған Bluetooth құрылғысын таба алмай қалған жағдайда, ол автоматты түрде жұптастыру режиміне ауысады.

Келесі мысал сізге Bluetooth құрылғысына құлаққаптарды қалай дұрыс жұптастыру керек екенін көрсетеді.

- 1 Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясын қосып, **Philips TAT4507** құрылғысын таңдаңыз.
- 2 Сұралған жағдайда «0000» (4 нөл) құлаққап құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе жоғарырақты қолдайтын құрылғылар үшін құпиясөзді енгізу қажет емес.



Philips TAT4507

## Жалғыз құлаққап (Моно режимі)

Моно режимде қолдану үшін оң немесе сол құлаққапты зарядтау кейсінен шығарыңыз. Құлаққап автоматты түрде қосылады.



### Ескертпе

- Дауысты көмекші Моно режимінде өшірулі.
- Екінші құлаққапты зарядтау кейсінен шығарсаңыз олар автоматты түрде бір-біріне жұптасады.

## Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз

Егер сіз басқа Bluetooth құрылғысына жұптастырылғыңыз келсе, оларды жай ғана жұптастыру режиміне қойып (ішінде екі құлаққаптары бар қорапшаның түймесін 3 секундқа басып, қақпағын жабыңыз), кейін екінші құрылғыны әдепкі жұптастыру арқылы табыңыз.



### Ескертпе

- Құлаққаптар жадында 4 құрылғыны сақтайды. Егер де сіз 4-тен көп құрылғыны жұптастыруға тырыссаңыз, ертерек жұптастырылған құрылғы басқа, жаңасымен алмастырылады.



## 4 Құлаққаптарды қолдану

### Құлаққаптарды Bluetooth құрылғыңызға жалғау

- 1 Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясын қосыңыз.
- 2 Зарядтау қорапшасының кейсін ашыңыз.
  - ↳ Көк түсті LED шамы жыпылықтайды
  - ↳ Құлаққаптар соңғы жұптастырылған Bluetooth құрылғысын тауып, оған автоматты түрде жалғанады. Егер де соңғы жалғанған құрылғы қолжетімсіз болса, құлаққаптар жұптастыру режиміне кіреді.



#### Кеңес

- Құлаққаптар бір уақытта бірнеше құрылғыға жалғана алмайды. Егер сізде екі жұптастырылған Bluetooth құрылғысы болса, тек жалғағыңыз келген құрылғының Bluetooth функциясын қосыңыз.
- Егер де сіз Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясын құлаққаптарды қосып болғаннан кейін қоссаңыз, құрылғыңызда Bluetooth мәзіріне өтіп, құлаққаптарға құрылғыны қолмен жалғауыңыз керек болады.



#### Ескертпе


- Егер құлаққаптар қандайда бір Bluetooth құрылғысына 3 минут ішінде жалғана алмаса, ол батареяның өмір сүру мерзімін сақтау үшін автоматты түрде өшеді.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларында жалғанау автоматты болмауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғыңыздың Bluetooth мәзіріне өтіп, құлаққаптарыңызды Bluetooth құрылғысына қолмен жалғаңыз.

## ANC функциясын басқару (шуды белсенді басу)

### ANC қосыңыз

Оң құлаққапты екі рет түрту арқылы әр түрлі ANC режимін ауыстырып қосуға болады.

- Құлаққа таққан кезде, ANC функциясы автоматты түрде қосылады
- MFT түймесін екі рет түртіңіз, сол кезде ол сезу режиміне ауысады
- MFT түймесін қайтадан екі рет түртіңіз, сол кезде ANC функциясы өшеді



#### Кеңес

- Құлаққаптарды шешкен кезде, автоматты түрде ұйқы режимі іске қосылады. Құлаққаптарды қайтадан таққан кезде, олар белсенді режимге оралады.

Тапсырма	MFT	Әрекет
ANC ҚОСУ	Оң құлаққап	Екі рет түрту
Сезу режимі	Оң құлаққап	Екі рет түрту
ANC ӨШІРУ	Оң құлаққап	Екі рет түрту
Жылдам сезу	Оң құлаққап	Сигнал берілгеннен кейін түртіп тұра беріңіз

## Қуатты қосу/өшіру

Тапсырма	MFT	Әрекет
Құлаққаптарды қосу		Қосу үшін құлаққаптарды зарядтау қорапшасынан шығару
Құлаққаптарды өшіру		Өшіру үшін құлаққаптарды зарядтау қорапшасынан қайта салу

## Қоңырау мен музыканы басқару

Музыканы басқару

Тапсырма	MFT	Әрекет
Өлеңді қосу немесе кідірту	Оң құлаққап	1 секунд түртіп, ұстап тұру
Келесі әуен	Оң құлаққап	Үш рет түрту
Алдыңғы әуен	Сол құлаққап	Үш рет түрту
Дыбыс деңгейін реттеу +/-		Ұялы телефоның ыз арқылы басқару

Қоңырауды басқару

Тапсырма	MFT	Әрекет
Тұтқаны көтеру / қоңырау шалушыны ауыстыру қоңырау кезінде	Оң құлаққап	Екі рет түрту
Тұтқаны қою/ Қоңыраудан бас тарту	Оң құлаққап	1 секунд түртіп, ұстап тұру

## Дауысты көмекші

Тапсырма	Түйме	Әрекет
Дауыстық көмекшіні (Siri/Google) іске қосу	Сол құлаққап	2 секунд түртіп, ұстап тұру
Дауыстық көмекшіні тоқтату	Сол құлаққап	Бір рет түрту

## Құлаққаптардың LED индикаторының күйі

Құлаққаптардың күйі	Индикатор
Құлаққаптар Bluetooth құрылғысына жалғанып тұр	Ақ LED шамы 2 секунд бойы қосулы
Құлаққаптар жұптастыруға дайын	LED шамы көк және ақ түспен кезек-кезек жыпылықтайды
Құлаққап қосылып тұр, бірақ ешқандай Bluetooth құрылғысына жалғанып тұрған жоқ	Ақ LED шамы секунд сайын жыпылықтайды (3 минут кейін автоматты түрде сөнеді)
Батарея заряды аз (құлаққаптар)	Көк LED шамы 5 секунд сайын 2 рет жыпылықтайды
Батарея толығымен зарядталған (зарядтау қорапшасы)	Кейстің LED индикаторын қараңыз

## Зарядтау қорапшасының LED индикаторының күйі

<b>Зарядталып жатқан кезде</b>	<b>Индикатор</b>
Батарея заряды аз	Ашық сары LED шамы жанады
Салыстырмалы тиісті батарея	Ақ LED шамы жанады

<b>Қолданылып жатқанда және қақпақ ашық тұрғанда</b>	<b>Индикатор</b>
Батарея заряды аз	Ашық сары түспен 4 цикл баяу жыпылықтайды
Салыстырмалы жеткілікті батарея	Өшірулі

## 5 Құлаққаптарды бастапқы қалпына келтіру

Жұптастыру немесе байланыстыру кезінде мәселе туындаса, келесі нұсқаулықты орындап, құлаққаптарды зауыттық параметрлерге қайта орната аласыз.

- 1 Bluetooth құрығыңыздан Bluetooth мәзіріне өтіп, құрылғылар тізімінен **Philips TAT4507** құрылғысын жойыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясын өшіріңіз.
- 3 Құлаққаптарды заряддау кейсіне қайтарып, қақпақты жауып, қайта ашыңыз.
- 4 Қорапшадағы түймені екі рет басыңыз.
- 5 «Құлаққаптарды пайдалану-Құлаққаптарды Bluetooth құрылғыңызға жалғау» бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.
- 6 Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастырып, мынаны таңдаңыз: **Philips TAT4507**.

Құлаққаптардан жауап келмесе, құлаққаптарыңыздың аппараттық жағын қалпына келтіру үшін төмендегі қадамды орындауға болады.

- Көп функциялы сенсорды 10 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз.

## 6 Техникалық деректер

- Музыка ойнату уақыты (ANC қосулы): 5+16 сағат  
Музыка ойнату уақыты (ANC өшірулі): 6+20 сағат
- Зарядтау уақыты: 2 сағат
- Әр құлаққапта 40 мА•сағ литий-ион батареясы, зарядтау қорапшасында 450 мА•сағ литий-ион батареясы
- Bluetooth нұсқасы: 5,2
- Үйлесімді Bluetooth профилдері:
  - HFP (Hands-Free профилі)
  - A2DP (жетілдірілген аудио тарату профилі)
  - AVRCP (аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі)
- Қолдау көрсетілетін аудио кодектер: SBC, AAC
- Жиілік ауқымы: 2,402-2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 10 дБм
- Жұмыс істеу алшақтығы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Зарядтауға арналған USB-C порты
- Батареяның төмендігі туралы ескерту: бар



### Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

# 7 Ескертпе

## Сәйкестік туралы декларация

Осы арқылы, MMD Hong Kong Holding Limited өнімнің негізгі талаптарға және RED Directive 2014/53/EU директивасының және UK Radio Equipment Regulations SI 2017 No 1206 реттемелерінің басқа да қатысты ережелеріне сәйкес екендігін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support).

## Ескі өнім мен батареяны қоқысқа тастау



Сіздің өніміңіз қайта өндіруге және қайта пайдалануға болатын жоғары сападағы материалдар мен құрамдастардан жобаланып, жасалған.



Өнімдегі мына белгі оның European Directive 2012/19/EU директивасымен қамтылғандығын білдіреді.




Бұл белгі өнімде European Directive 2013/56/EU директивасымен қамтылған басқа тұрмыстық қоқыстармен бірге лақтыруға болмайтын, қайта зарядталатын батарея бар екендігін білдіреді. Қайта зарядталатын батареяны кәсіби түрде шығарып алу үшін өнімді ресми қабылдау орнына немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруға кеңес береміз. Электрлік және электронды өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды жергілікті бөлек жинау жүйесі қай жерде екенін іздеңіз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнімді және қайта зарядталатын батареяларды ешқашан кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсер етудің алдын алуға көмектеседі.


## Кірістірілген батареяны шешіп алу

Еліңізде электронды өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққаптарды лақтырмас бұрын батареяны шығарып, қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаны қорғауға болады.

- Батареяны шығармас бұрын құлаққаптың зарядтау қорабынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



- Батареяны шығармас бұрын зарядтау қорабы USB зарядтау кабелінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



---

## EMF сәйкестігі

Бұл өнім электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес.

---

## Қоршаған орта туралы ақпарат

Барлық қажетсіз қаптамалар алынып тасталды. Біз қаптаманы үш материалға оңай бөлінетін етуге тырыстық: картон (қорап), пенополистирол (буфер) және полиэтилен (сөмкелер, қорғаныш көбік парақшасы).

Сіздің жүйеңіз мамандандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орам материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты тастау кезінде жергілікті ережелерді сақтаңыз.

---

## Сәйкестік туралы ескертпе

Құрылғы FCC ережелеріне сәйкес келеді, 15 бөлім Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. Бұл құрылғы зиянды кедергі тудырмайды және
2. Бұл құрылғы кез келген кедергіні (оның қажетсіз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілер) қабылдауы тиіс.

### FCC ережелері

Бұл жабдық сыналған және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес B класындағы сандық құрылғының шектеулеріне сәйкес екені анықталды. Бұл шектеулер тұрғын үй қондырғыларында зиянды кедергілерден лайықты түрдегі қорғауды қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радиожиилік энергиясын жасайды, пайдаланады және шығара алады және нұсқаулыққа

сәйкес орнатылмаса және пайдаланылмаса, радиобайланысқа зиянды кедергілер тудыруы мүмкін. Дегенмен белгілі бір қондырғыда кедергі болмайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық радио немесе теледидар қабылдауына зиянды кедергі тудырса, оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады, кедергіні түзету үшін пайдаланушыға келесі шаралардың бірі немесе бірнешеуін жасап көру ұсынылады:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қою
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру
- Жабдықты ресивер қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау

### FCC радиациялық әсері туралы мәлімдеме:

Бұл жабдық бақыланбайтын орта үшін белгіленген FCC сәулелену әсерінің шектеріне сәйкес келеді.

Бұл таратқышты басқа антеннамен немесе таратқышпен бірге орналастыруға немесе бірге пайдалануға болмайды.

**Назар аударыңыз:** Сәйкестікке жауапты тарап тікелей мақұлдамаған өзгертулер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты басқару құқығынан айыруы мүмкін екені ескертіледі.

### Канада:

Бұл құрылғыда Канаданың лицензиядан босатылған RSS сипаттамаларына сәйкес инновацияға, ғылымға және экономикалық дамуға сәйкес лицензиядан босатылған таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс: (1) Осы құрылғы кедергі жасамауы тиіс. (2) Бұл құрылғы қабылданған кез келген кедергіні (оның ішінде құрылғының қажетсіз жұмысын тудыруы мүмкін кедергілер) қабылдауы тиіс.

L'émetteur/récepteur exempt de licence contenu dans le présent appareil est conforme aux CNR d'Innovation, Sciences et Développement économique Canada applicables aux appareils radio exempts de licence.

L'exploitation est autorisée aux deux conditions suivantes : (1) L'appareil ne doit pas produire de brouillage; (2) L'appareil doit accepter tout brouillage radioélectrique subi, même si le brouillage est susceptible d'en compromettre le fonctionnement.

CAN ICES-003(B)/NMB-003(B)

### **IC радиациялық әсері туралы мәлімдеме:**

Бұл жабдық бақыланбайтын орталар үшін белгіленген Канаданың сәулелену әсерінің шектеріне сәйкес келеді.

Бұл таратқышты басқа антеннамен немесе таратқышпен бірге орналастыруға немесе бірге пайдалануға болмайды.

# 8 Тауар белгілері туралы

---

## Bluetooth

Bluetooth® белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілері және мұндай белгілерді MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының кез келген пайдалануы лицензия арқылы іске асырылады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың өз иелеріне тиесілі.

---

## Siri

Siri — Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

---

## Google

Google және Google Play — Google LLC компаниясының сауда белгілері.



## 9 Жиі қойылатын сұрақтар

**Bluetooth құлаққаптары қосылмайды.** Батарея деңгейі төмен. Құлаққаптарды зарядтаңыз.

**Bluetooth құлаққаптарын Bluetooth құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес.**

Bluetooth өшірілген. Bluetooth құрылғында Bluetooth функциясын қосыңыз және құлаққаптарды қосар алдында Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

**Жұптастыру жұмыс істемейді.**

- Құлаққаптардың екеуін де зарядтау қорапшасына салыңыз.
- Бұрын қосылған барлық Bluetooth құрылғыларының Bluetooth функциясын өшіргеніңізге көз жеткізіңіз.
- Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth тізімінен «Philips TAT4507» құрылғысын өшіріңіз.
- Құлаққаптарды жұптастырыңыз (6 беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

**Bluetooth құрылғысы құлаққаптарды таппайды.**

- Құлаққаптар одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе жұмыс істеу ауқымынан шығарыңыз.
- Жұптастыру қалпына келтірілген немесе құлаққаптар бұрын басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Пайдаланушы

нұсқаулығында сипатталғандай құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз. (6 беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

**Менің Bluetooth құлаққаптарым Bluetooth стерео функциясы қосылған ұялы телефонға қосылған, бірақ музыка тек ұялы телефон динамигінде ойнайды.**

Ұялы телефоныңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Музыканы құлаққаптар арқылы тыңдау үшін таңдаңыз.

**Аудио сапасы нашар және шырылдаған шу естіледі.**

- Bluetooth құрылғысы жұмыс істей ауқымынан тыс. Bluetooth құрылғысы мен құлаққаптар арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы бөгеулерді алып тастаңыз.
- Құлаққаптарды зарядтаңыз.

**Ұялы телефондағы медиафайлды тыңдау кезінде дыбыс сапасы нашар, өте баяу немесе файлды ойнату мүлдем мүмкін емес.**

Ұялы телефоныңыздың (моно) HFP ғана емес, сонымен қатар A2DP кодекін қолдайтынын және BT4.0x (немесе одан жоғары) функциясымен үйлесімді екенін тексеріңіз (11-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

**Оң және сол құлаққаптар бір-бірінен ажыратылады.**

- Құлаққаптардың екеуін де зарядтау қорапшасына салыңыз, қақпақты ашық ұстаңыз.
- Кейстегі түймені 3 рет жылдам басыңыз.



2021 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Philips және Philips Shield эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады және MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілгер болып табылады. Барлық басқа компания және өнім атаулары олар байланыстырылған тиісті компаниялардың сауда белгілері болуы мүмкін.

UM\_TAT4507\_00\_KK\_V1.0

